

Іле ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 23 шілдедегі № 285 "Іле ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 наурыздағы № 103 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2021 жылы 12 наурызда № 5895 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Іле ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Іле ауданы әкімдігінің "Іле ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2019 жылғы 23 шілдедегі № 285 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5210 тіркелген, 2019 жылдың 26 шілдесінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Іле ауданы әкімінің орынбасары С.Б. Ибраевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аудан әкімі

Б. Карасаев